



ҚАРҚАРА

Газет 1931 жылдан шығады

Кеген аудандық қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№9-10 (370-371) 07 наурыз, Сенбі 2026 жыл



Qarqara.gazeti2018@mail.ru



Qarqara.gazeti.kz



Qarqara.gazeti2018



QARQARA gazeti

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ
МАРТА

РЕФЕРЕНДУМ

ELECTION.
GOV.KZ

Важен голос каждого из нас!

Аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаевтың

1 наурыз - Алғыс айту күні мен 8 наурыз - Халықаралық Әйелдер күні мерекесімен аудан халқын құттықтауы

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді көктемнің шұғылалы шуағымен қатар келетін қос мерекемен – 1 наурыз Алғыс айту күнімен және 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

1 наурыз – еліміздегі бірлік пен татулықтың, өзара құрмет пен ризашылықтың жарқын көрінісі. Бұл күн – тағдыр тоғыстырған түрлі ұлт пен ұлысты ортақ шаңырақ астына біріктірген кең пейілді қазақ халқының дарқандығын дәріптейтін тағылымды мереке. Алғыс айту – ізгіліктің бастауы, адамдықтың айнасы. Қоғамдағы сыйластық пен сенім, ынтымақ пен тұрақтылық – баршамыздың бір-бірімізге деген құрметіміз бен шынайы ықыласымыздың жемісі. Осындай берекелі бірлігіміз нығая берсін!

Ал 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні – мейірім

мен сұлулықтың, парасат пен төзімнің мерекесі.

Әйел – отбасының ұйытқысы, ұлттың тәрбиешісі, қоғамның тірегі. Ана алақанының жылуы, ақ жаулықты әженің батасы, қыз-келіншектердің ізгі ниеті – тіршіліктің сәні мен мәні. Бүгінде әйелдер қауымы түрлі салада табысты еңбек етіп, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосып келеді. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіз бен парасатты пайымдарыңыз – ел игілігі жолындағы маңызды күш.

Қадірлі жерлестер!

Көктеммен бірге келген қос мереке әр шаңыраққа шаттық пен береке әкелсін. Ауданымызда татулық пен тұрақтылық салтанат құрып, әр отбасының керегесі кең, ырысы мол болсын. Деңдеріңізге саулық, жүректеріңізге жылулық, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Құрметті аудан тұрғындары, қадірменді аналар, құрметті қыз-келіншектер!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн – нәзіктік пен мейірімнің, сұлулық пен жылулықтың мерекесі. Қоғамымыздың көркеюіне, отбасының берекесіне, ұрпақ тәрбиесіне зор үлес қосып жүрген барша аналар мен аруларға зор алғысымызды білдіреміз!

Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт, шаңырақтарыңызға амандық пен береке тілейміз. Әр күніңіз қуанышқа толы болып, жүректеріңізге шаттық пен махаббат ұяласын!

Көктемдей құлпырып, өмірлеріңіз әрдайым нұрлы болсын!

Ізгі тілекпен: Кеген аудандық мәслихатының төрағасы Алмасбек НҰҒМАН.

15 наурыз - Алғыс айту күні

Мереке салтанат құрғы



Көктемнің алғашқы күнімен бірге келетін 1 наурыз – еліміз үшін айрықша мәні бар мереке. Бұл күн – Алғыс айту күні. Қазақстанда бұл мереке татулық пен бірліктің, өзара құрмет пен ризашылықтың белгісі ретінде атап өтеледі.

2016 жылдың 14 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті 1 наурызды – Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнін Алғыс айту күні деп жариялау туралы Жарлыққа қол қойған болатын. Содан бері бұл күн елімізде кең көлемде аталып өтіп, халықтың бір-біріне деген құрметі мен ризашылығын білдіретін мерекеге айналды.

Алғыс айту күні – ең алдымен бейбітшілік пен келісімнің, достық пен татулықтың мерекесі. Тарихтың қиын кезеңдерінде түрлі ұлт өкілдері қазақ жерінен пана тауып, жергілікті халықтың кең пейілі мен мейірімін көрді. Сол бір адамгершілік пен бауырмалдық бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның бірлігі мен тұрақтылығының берік негізіне айналды.

Осы мерекеге орай Кеген ауданында да тағылымды шара ұйымдастырылып, ел бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтуға үлес қосып жүрген бірқатар азаматтарға құрмет көрсетілді. Салтанатты жиында

Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Молдахметұлы Теңізбаев сөз сөйлеп, ауданның дамуына үлес қосып жүрген азаматтарға алғыс білдірді.

Іс-шара барысында аудан әкімінің Алғыс хатымен түрлі салада еңбек етіп жүрген бірқатар азаматтар марапатталды. Атап айтқанда, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін Байбұқаев

Жанболат Нұрғалиұлы, Кеген аудандық полиция бөлімінің қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Түнлікбаев Ермек Иманғожауұлы, №7 өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндірушісі, азаматтық қорғау кіші сержанты Оразахынұлы Асылбек, Кеген аудандық тарихи-өлкетану музейінің экскурсия

жетекшісі Рамазанова Индира Нұрәділқызы, Қарқара дәрігерлік амбулаториясының қызметкері Әлдібаева Күләшхан Ерболатқызы марапатталды. Сонымен қатар Алматы облысы мемлекеттік мекемесінің Кеген филиалының техникалық қызметкері Көшербаев Тұрғанбек Сәрсенбайұлы, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің техникалық қызметкері Ибраимов Мұрат Тұрыскелдіұлы, Кеңес Нұрпейісұлы атындағы мектеп-лицейінің техникалық қызметкері Исақов Нұрқожа Мұқанұлы, Кеген ауылының көше белсендісі Ақмарал Нұрдаулетқызы, сондай-ақ Дархан Тілепбайұлы, механизатор Әбіл Құрманғалиұлы, Серкебаев атындағы орта мектеп-гимназиясының мұғалімі Дулат Тұрсынқожаұлы да аудан әкімінің Алғыс хатына ие болды.

Мерекелік шара барысында қоғамда бейбітшілік пен келісімді сақтау, ел бірлігін нығайту жолында еңбек етіп жүрген азаматтардың еңбегі ерекше атап өтілді.

Алғыс айту күні – тек ризашылық білдіретін күн ғана емес, ел ішіндегі татулық пен сыйластықты дәріптейтін мереке. Сондықтан бір-бірімізге құрмет көрсетіп, жақсылық жасауды күнделікті өміріміздің басты қағидасына айналдыру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Лаура ҚАРАСАРТОВА.

